



TENGEMONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//8 ҚАЗАН 2020 ЖЫЛ

COVID-19

ИНДЕТТІҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНА ӘСЕРІ

Шілде айының басында Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) жаңа есептеме-баяндамасы жарияланды. Сарапшылар өздерінің пайымдауларында бұл індеттің жағымсыз әсері тигі болғаннан да айтарлықтай көп екенін атап көрсетеді. Шолуымызда әлем бойынша және Қазақстанда індет ланының нақ осы еңбек нарығына қаншалықты әсер еткені туралы әңгімелеміз.

ИСАТАЙ КАМБАРОВ

ХЕҰ мәліметтері бойынша, екінші тоқсанда әлемде жұмыс сағаттары 14%-ға қысқарған, бұл 400 млн жұмыс орнын жоғалтумен пара-пар екен. Баяндама авторлары оқиғалар өрбуі мүмкін екі сценарийді ұсынады. Оптимистік болжам: үшінші тоқсанда жоғалтулар тағы 34 млн жұмыс орындарын құрайды, ал жұмыс сағаттары 1,2%-ға қысқармақ. Пессимистігі: жұмыс сағаттарын жоғалту 11,9%-ға жетеді, бұл 340 млн жұмыс орнын қысқартуға тең екен.

Мамырда АҚШ-тағы жұмыссыздық көрсеткіштері рекордтық мәндерді құрап, 13,3%-ға дейін жетті. Мұндай сандар соңғы рет 1982 жылы, жұмыссыздық деңгейі 10,8%-ға жеткенде, соншалықты танқаларлықтай болған екен. Мамырдан кейінгі екі айда АҚШ-тағы қайта жұмысқа алу қарқыны кәдімкі тәрізге бастаған, өйткені компаниялар жұмыстарын қайта орнықтырған да, ал тұтынушылар – дүкендер мен мейрамханаларға қайтып орала бастаған. Бұл ретте, Oxford Economics компаниясының ақпараттары бойынша, бір сағаттағы орташа табыс 0,5%-ға қысқарған.



Қытайда еңбек нарығы сенімді түрде қалпына келуде. Соңғы мәліметтерге сәйкес, жұмыссыздық деңгейі наурыздағы 5,9%-ға қарағанда 5,7%-ға дейін төмендеген. Локалдан жағдайынан тезірек шығу арқасында білік 2,3 млн жаңа жұмыс орындарын құруға қол жеткізген.

«Қытайда биыл жұмыспен қамтуды қалпына келтіруге және халық дәулеттілігінің базалық деңгейін қамтамасыз етуге басым бағытта көңіл бөлінеді. Қалалар мен поселкелерде 9 млн-нан астам жаңа жұмыс орындарын құруға, сондай-ақ шамамен 6% деңгейіндегі, ішінара тексеру-ге есептелген, жұмыссыздық деңгейін ұстап қалуға ұтымталы оты-

рып, басым көңіл бөлінетін болады», – деп атап көрсетілген үкіметтің шіле айндағы баяндамасында (Infographic).

КР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетовтың айтуынша, індет кезінде тіркелген жұмыссыздар саны 8 есе – ақпандағы 26,9 мыңнан тамыздағы 219 мыңға дейін өскен. Осы ретте, Статистика комитетінің мәліметтеріне сәйкес, жұмыссыздардың саны ең жоғары шегіне – 442,6 мыңға жеткен. Еңбек ресурстары орталығының цифрлары өзгешелеу: сәуірде жұмыссыздар саны 4,2 млн-ды құрса, мамырда олардың саны 1,1 млн-ға дейін, ал маусымда – 735 млн-ға жуық адам болған.

Сарапшылардың пайымдауына, егер ресми жұмыссыздар мен ұйымдар уақытша жұмыстарын тоқтатқандар санын қосып есептер болса, нақтырақ көрініс құрауға болады. Мысалы, экономист Олжас Телеев 822 мың адамды есептеп шығарған – онда жұмыссыздық деңгейі, ресми мәліметтер көрсеткендей 5%-ды емес, барлығы 9,5%-ды айшықтайды. Бұл цифрлар мейлінше нақты көрінеді, жұмыссыздықтың ресми деңгейі пандемия кезінде бар-жоғы 0,2%-ға ғана өскен, ал бұның нақты жағдайға сәйкестігі көңілге дүлдәмал ұялатады.

ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЯЛАР	Risers	Last	%Δ1D	%Δ1M
CCBN 07.10.20 13:01	223,51	+2,53	-2,03	
GB KZMS 07.10.20 13:00	2 844,99	+1,33	-5,52	
KZAP 07.10.20 13:01	6 153,00	+1,20	-1,11	
KZTK 07.10.20 12:52	24 955,00	+1,03	-4,02	
KCEL 07.10.20 12:51	2 611,00	+0,77	+3,49	
KASE Индексі 07.10.20 12:59	2 422,59	+0,80	-1,59	

АКЦИЯ НАРЫҒЫ

Symbol	Last	%Δ1D	%Δ1M
MM Index 06.10.20 18:20	9,19	-0,06	+1,37
TONIA 07.10.20 12:51	9,48	+0,29	+1,66
SWAP-1D (USD) 07.10.20 12:55	9,80	-0,97	+1,80
TWINA 06.10.20 16:53	8,69	-0,49	-0,31
SWAP-2D (USD) 06.10.20 17:55	8,00	-1,82	-0,06
KazPrime-3M (KZT) 22.09.20 11:30	10,50	0	0

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Deals	Yield	DTM
MF0Kb1 07.10.20	19,00	-
ATFBe7	0,00	-
BRKZe10	8,95	-
EUBNb13 06.10.20	13,00	-
KSYb1 06.10.20	16,00	-
BTASe16 06.10.20	0,00	-

МЕМЛЕКЕТТІК БАФАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Deals	Yield	DTM
MUM108_0011 02.10.20	10,50	-
MUM168_0003 02.10.20	10,00	-
NTK028_2673 07.10.20	8,78	-
MUM180_0001 29.09.20	10,00	-
MUM180_0014 29.09.20	10,00	-
MUM108_0013 29.09.20	8,82	-

> [4]

ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекстер			
KASE	2 403,32	-0,46%	↓
FTSE 100	5949,94	0,12%	↑
CAC 40	4895,46	0,48%	↑
S&P 500	3360,95	-1,34%	↓
Dow Jones	27772,76	-0,40%	↓
Nikkei 225	23433,73	0,52%	↑
DAX	12906,02	0,61%	↑
SSE Comp	3218,05	-0,20%	↓

07 Қазан 2020

Тауарлар

Мұнай	42,65	3,29%	↑
Алтын	1 909,60	0,34%	↑
Платина	888,00	-0,34%	↓
Паладий	2 354,00	1,82%	↑
Никель	14 423,00	-0,61%	↓
Алюминий	1 770,50	-0,53%	↓
Күміс	23,92	0,21%	↑

07 Қазан 2020

Валюта нарықтары

USDKZT	429,46	-0,31%	↓
EURKZT	505,82	-0,11%	↓
USDRUB	78,4490	0,00%	↑
USDJAN	28,3600	-0,11%	↓
USDJAN	2,6224	0,06%	↑
EURUSD	1,1740	0,05%	↑
GBPUSD	1,2899	0,17%	↑

07 Қазан 2020

ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ

Бірегей өнеркәсіп буыны



Қазфосфат – құрылған кезінен бастап қызметтің басым бағытын айқындап, жоғары технологиялы, сапалы тауарлар өндіруді, бәсекеге қабілетті өніммен әлемдік нарыққа шығуды, фосфор өнеркәсібін жандандыру мен дамытуды мақсат тұтқан айрықша өндіріс ошағы. Кәсіпорын өнімдері енді «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында ұлғая түспек.

БОТАӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

«Қазфосфат» ЖШС – ТМД мен Еуропа елдері аумағында сары фосфор өндіретін және өз өнімдерін АҚШ, Еуропа, Қытай, Үндістан және ТМД елдерінің нарықтарына белсенді түрде шығаратын жалғыз кәсіпорын. Ол фосфор өнімдерінің – сары фосфордың, натрий трифосфатының, минералды тұнайқыштардың, жемдік фосфаттардың, құкірт қышқылының және басқа көптеген өнімдерінің 20 түрінің негізгі өндірушісі. Фосфор өнеркәсібінің бетке ұстар компания-

сы үшін өнім сапасы – жетекші позицияны ұстап тұратын және ныйайтатын құнды актив. Негізгі өндірісі Жамбыл облысында шоғырланған іргелі кәсіпорын фосфат шикізатын толық өңдеп, соңғы өнімді тұтынушыларға өз теміржол-көлік кешені арқылы жөнелтеді. Қазфосфат бүгінде алты мыңнан астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Персоналдардың жоғары кәсіби біліктілігі, өнім сапасына және ұйымдастырылған жеткізілім қызметіне баса назар аударылған дұрыс стратегия, сондай-ақ өндірістің өсу қарқыны компанияны өндіріс перспективасы өндіріс орындарының біріне айналдырды.

Еңбек өнімділігін арттырудың негізгі факторлары – өндірісті жанарту мен қайта құру, техникалық қайта жарақтандыру және қызметкерлердің біліктілігін арттыру екендігі айқын. Сондықтан кейінгі жылдары кәсіпорында қолданыстағы нысандары қайта құру және жанарту жұмыстары жүргізіледі.

> [4]

ТУҒАН ЖЕР



Жұмабек ЖАҒБАРҚҰЛОВ, кәсіпкер, Орал қаласындағы «Ел ырысы» ауыл шаруашылығы тауарларының көтерме-болшеқ сауда базары» ЖШС-ның құрылтайшысы:

«Өркениетті базар жасау – азаматтығыма сын»

– Жұмабек Қахарұлы, бұған дейін «Ел ырысы» коммуналдық базары бірнеше мәрте сатылса шығарылғанымен, қалтамы азаматтар тарапынан оны сатып алуға құпталық байқалмады. Ол да түсінікті. Орталықтан қашық, өнім бағасы қолжетімсіз, жалдық ақысы қымбат болпалықтан, мұнда өнім сатушылардың да, тұтынушылардың қарасы қалып болмады. Жоңдеу көрмеген жалды павильондары, күн жауса, ауасы ми батпаққа айналады сұрықсызды, қомақты инвестицияны қажет ететін сауда орымын «бағын ашу» оңай емес. Бірақ сондай жағдайы күнделікті тірлікте көре тұрып, сенімгерлік басқару алуыңа не тұрғы болды?

– Әу баста «Ел ырысы» базары ауыл шаруашылығы өнімдерін деддандызыз төмен бағаға сатып алу үшін ашылған болатын.

> [5]

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

► Ұлы Абайдың 175 жылдығы

Кемел келешек кепілі



Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев Елбасының «Абай аманаты» атты мақаласына орай пікір білдірді.

«Елбасының «Абай аманаты» атты мақаласын бір деммен оқып шықтым. Туынды Тұңғыш Президентіміздің Абайды алғаш таныған кезінен бастап, ұлы ойшылдың өсиет сөздерімен өрілген. Мақаланы оқу арқылы Елбасы өміріне, оның ішінде ел басқарудағы іс-әрекетіне ақынның ғибраттары қаншалықты әсер еткенін бұрынғыдан

да жақынырақ білдік деуге болады. Шын мәнінде, Нұрсұлтан Әбішұлының әр игі бастамасы данышпанның өнегесіне табан тірейді. Оған Елбасының Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы шешімі Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...» деген қағидасымен үндесуі айқын дәлел», – деп жазды Сенат спикері Facebook парақшасында.

«Нұрсұлтан Әбішұлы ғұлманың 150 жылдық мерейтойын халықаралық деңгейде атап өтудің елдік, егемендік тұрғысынан қаншалық

маңызды болғанын да назардан тыс қалдырмай, сол кездегі бірқатар естеліктерге тоқталып өткен. Оқып отырып, Абайдай дара тұлғаның мерейі той тойлау үшін емес, ой айлау үшін қажет деген қағиданың дұрыстығына одан әрі көз жеткізе түссем. Біз осы үрдітті лайықты жалғастырумыз қажет. Яғни, Абайдың ақыл-дариясы ұлтымның бүгінгі буыны үшін де және болашақ ұрпақ үшін де айналысатын бағыт-бағдарға, өмірлік шамшыраққа айналуды қажет. Бұл – кемел келешектің бірден бір кепілі», – деді Сенат төрағасы.

► Өзекті мәселе

Зейнет жасы төмендей ме?

Қазақстанда ерлер мен әйелдердің зейнет жасын 60-қа дейін төмендету ұсынылды. «Халық коммунистері» фракциясының депутаттары Қазақстанда ерлер мен әйелдердің зейнет жасын 60-қа дейін төмендетуді ұсынды.



«Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, COVID-19 вирусының өзгешелігі – жасы алыстан асқан адамдарды алып кетіп жатуында. Адам алыстан кейін қартайып, иммундық реакциясы төмендейтіндіктен, денсаулық жағдайы нашарлап, ауру-сырқауы көбейді. Бұл жағдай вирус жұқтыру ықтималдығын арттырып, індет жұқтырған жағдайда бұл жастағы кісі қайтыс болып та кетуі мүмкін», – деді Қазақстан коммунистік халық партиясы Орталық комитетінің хатшысы. Парламенттегі аталмыш партия фракциясының жетекшісі Айқын Қоңыров Мәжілістің жалпы отырысында.

Оның келтірген мәліметіне сәйкес, Қазақстанда 2020

жылдың тамыз айынан бері 110 981 адам қайтыс болған. Олардың ішінде жасы алыстан асқандардың саны – 78 637, яғни 71 пайызы. Құн суығандықтан елі ішінде тұмау-сырқау артып, COVID-19 вирусынан өлім-жітім ықтималдығы күшейе түседі.

«Қазақстан халқы үлкенге құрмет көрсете білетін жұрт. Коммунистер COVID-19 вирусының екінші толқыны келетіні болжанып жатқан уақытта, әсіресе елге жастағы кісілерді сақтауымыз керек деп есептейді. Олардың

оқшаулануына жайлы жағдай жасалып, мәселесін реттей білуіміз керек. Осыған байланысты «Халық коммунистері» фракциясы азаматтарымыздың зейнетке шығу жасын қайта қарауды ұсынады. 2013 жылы әйелдердің зейнет жасын ұзарту бойынша зейнеткерлік реформаға қарсы шыққан едік. Республикамыздың түкпір-түкпіріндегі азаматтарымыздың үніне құлақ аса отырып, әйелдер мен ер адамдардың зейнет жасын 60-қа дейін төмендетуді ұсынамыз», – деді ол.

► Өңірлік даму

Кәсіпорындарға қолдау көрсетілуде



Түркістан облысы әкімінің орынбасары Мейіржан Мырзаиев «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясына қарасты еншілес кәсіпорындардың басшыларымен кездесті. Басқосуда өндіріс көлемін ұлғайту мен жұмыс орындарын сақтау мәселелері талқыланды.

Кездесуде сонымен қатар

экспорт көлемін ұлғайту, жергілікті қамту үлесін арттыру жайы сөз болды. Айта кетейік, «Қазатомөнеркәсіпке» қарасты еншілес кәсіпорындардың өндірген өнім көлемі облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуында ерекше орын алады. Өндірілген өнеркәсіп өнімінің 55% көпөндіру меңкерлері қазу саласында 97,6% және

металлургия өнеркәсібінің өңдеу өнеркәсібіндегі 28% үлесі осы компанияның кәсіпорындарына тиесілі.

Қазірде пандемиялық жағдайға байланысты жыл соңына дейін облыста уран өндіру көлемі 88%-ке дейін төмендеуі күтілуде. Кезлесу барысында аталған жағдайдың алдын алу шаралары ортаға салынып, жұмыс жоспарлары таныстырылды. Алдағы уақытта инвестиция тарту, экспорт, жергілікті қамту, өнім көлемдерін ұлғайту және жұмыс орындарын кеңейту бойынша өзара меморандумға қол қою жоспарланып отыр. Бұл шаралар ұлттық компаниялардың мемлекеттік сатып алуларында отандық тауарларды қолдануын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылды. Компанияның биылғы жылғы мемлекеттік сатып алу жоспары 75 млрд теңгені құраған.

► ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Ішкі нарықты отандық азық-түлікпен молықтыру, фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту мәселелері кезекті Үкімет отырысында қаралды. Байланыс іс-шаралары түйіндей келе, Премьер-министр Асқар Мамин маңызды міндеттерді белгіледі.

БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Үкімет басшысы ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлеріне пандемия жағдайында көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын уақытылы әрі сапалы жүргізгені үшін алғыс білдірді. Ауыл шаруашылығы техникасы, тұқым мен тыңайтқыштар уақытылы дайындалып, бұл көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын сапалы жүргізуге мүмкіндік берді.

БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) болжамдары бойынша Қазақстан АҚШ, Австралия, Бразилия және Аргентинамен қатар әлемдік азық-түлік қабтарының біріне айналу үшін үлкен әлеуетке ие. Мемлекет тарапынан АӨК-ті қолдаудың барлық қажетті шаралары көрсетіледі, субсидиялар беріледі, женілдікпен несие беру және салық преференциялары көзделген.

Ағымдағы жылдың 8 айында қабылданған шаралардың нәтижесінде азық-түлік өнімдерінің өндірісінің негізгі капиталына салынған инвестициялар өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 25,4%-ке – 54,7 млрд теңгеге дейін ұлғайған. Қазақстан ішкі өндіріс есебінен тұтынылатын 29 негізгі азық-түлік тауарларының 23-ін – жеміс-көкөніс, жарма, ұн, ет өнімдері және басқа да өнімдерін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге алма, балық, шұжық өнімдері, ірімшік және сүзбе, қант және құс еті бойынша өндірісті ұлғайту үшін 2024 жылға қарай жаңа құс фабрикаларын, ет комбинаттарын, сүт, қант зауыттарын ашу және алма бақтарының алаңдарын ұлғайту жоспарланған. Құрылатын Ұлттық тауар өткізу жүйесі өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімін сақтау жағдайларын жақсартуға, оның өндірісі мен маусымаралық кезеңде нарықтағы көлемін ұлғайтуға, сондай-ақ экспортты едәуір арттыруға жол ашады. Ауыл шаруашылығы министрлігі ұсынған Нарықты отандық азық-түлік тауарларымен молықтыру жөніндегі 2025 жылға дейінгі кешенді жоспарға сәйкес 5 трлн-нан астам теңге инвестиция тарты отырып, 380 инвестициялық жоба іске асырылатын болады.

«Ішкі нарықты отандық азық-түлікпен молықтыру – Үкіметтің стратегиялық міндеті», – деген А.Мамин, Ауыл шаруашылығы министрлігіне бір ай ішінде

Стратегиялық салалар кешенді дамиды



Нарықты отандық азық-түлік тауарларымен молықтыру жөніндегі кешенді жоспарды қабылдауды тапсырды. АШМ-ге экология, ұлттық экономика, қаржы министрліктерімен бірлесіп, ішкі нарықта жетіспейтін өнімдер өндірісін мемлекеттік қолдау және ынталандыру шараларын кеңейту мәселелерін пысықтау, бұл ретте балық шаруашылығы саласын дамыту жоспарларын ескеру тапсырылды. Өнімдердің өндірісіне АӨК-те жоспарланған жобалардың іске асырылуын жеке бақылауға алу және қажетті инженерлік инфрақұрылымдарды жүргізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ инвесторлармен шикізаттан бастап экспортқа дейінгі бүкіл тізбек бойынша барлық мәселелерді пысықтау тапсырылды. Сондай-ақ Премьер-министр қажетті логистиканы қамтамасыз ету және отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін ішкі және сыртқы нарықтарда өткізуді ілгерілету жөніндегі шараларды қабылдауды тапсырды.

Биылғы 8 айдың қорытындысы бойынша еліміздің фармацевтика өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 34,1%-ке – 81,5 млрд теңгеге дейін, инвестициялар 5,2%-ке – 4,1 млрд теңгеге дейін өсті. Белгілі компаниялардың, соның ішінде ТҰК қатысуымен 41 жоба іске асырылды, олардың ішінде ең ірі антибиотиктер, алкогольдер, антисептиктер өндірісі бар. 5 мыңнан астам жұмыс орны ашылды.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауы бойынша елдің дәрілік қауіпсіздігі меншікті фармацевтика өндірісі болған жағдайда кемінде 30% қамтамасыз етіледі, ал Қазақстан 2025 жылға қарай өз өндірісін заттай мөнде 50%-ке дейін жеткізуді көздеп отыр. Осылайша, Фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті

дамытудың 2025 жылға дейінгі кешенді жоспарына сәйкес 77,8 млрд теңгеге 30-дан астам жаңа ірі фармацевтикалық өндіріс іске қосылады. Бұл дәрі-дәрмек өндірісінің көлемін 2,5 есеге, экспортты 3 есеге ұлғайтуға, 2 мыңнан астам жоғары білікті мамандарды даярлауға және оларға арнап тұрақты жұмыс орындарын құруға жол ашады.

«Фармацевтика өнеркәсібі – экономиканың өте маңызды секторы және халықтың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігінің негізі», – деді А.Мамин.

Үкімет басшысы отандық фармацевтика өндірісі үшін, әсіресе, клиникалық және клиникаға дейінгі сынақтарды ынталандыру тұрғысынан мемлекеттік қолдау шараларын ақымды түрде кеңейтуді тапсырды. Индустрия, денсаулық сақтау және сыртқы істер министрліктеріне дәрілер өндірісін елімізде жергілікті түрде Big Pharma – Top 50 тізімінен әлемдік фармацевтика өндірушілерді тартуға бойынша ұсыныстар енгізу тапсырылды. Денсаулық сақтау министрлігіне эзакмерзімді келісімшарттарды іске асыру тетіктерін кеңейту, елдегі дәрілік заттардың қажеттілігін нақты жоспарлау мен айқынауды қамтамасыз ету, медициналық бұйымдар мен дәрі-дәрмектерге сынақтар жүргізетін зертханалардың материалдық-техникалық базасын күшейту, Кешенді жоспарды іске асыруды ескеру отырып, фармацевтика саласы үшін білікті кадрлар даярлау жөнінде шаралар қабылдау міндеттелді. Облыстар мен Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктеріне жергілікті жерде дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды сатып алу кезінде жергілікті қамту бойынша нысаналы индикаторларды (KPI) бекіту жүктелді.

► ТУАҢ ЖЕР



ЖОҢҒАР БЕКІНІСІ ►

Жоңғар бекінісі – Шығыс Қазақстан аумағындағы XVII ғасырдағы бекіністі будда ежелден белгілі болған. Осыдан 200 жыл бұрын Абылайқыпте бума қағаздардың көп болғаны соншалық, он тақа тиіп әкету мүмкін болмаған. Өкінішке орай, ол қолжазбалар қазіргі күнге дейін сақталмаған.

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

НАРЫҚ JAҢАЛЫҚТАРЫ

▶ ҰЛТТЫҚ БАНК

БИОМЕТРИЯЛЫҚ СӘЙКЕСТЕНДІРУ ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Ұлттық банк қашықтан биометриялық сәйкестендіру жүйесін өндірістік пайдалануға қосты.

Адамның «бет-әлпетін тану» технологиясы қолданылатын бұл сервис қаржылық қызметтерді қаржы ұйымына бармай-ақ алуға мүмкіндік береді. Жүйенің операторы – Ұлттық банктің еншілес ұйымы, «Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМҚ. Қашықтан биометриялық сәйкестендіру қаржы нарығына қатысушыларға клиенттерді қашықтан сәйкестендіруге және банк шоттары мен депозиттер ашу, төлем карточкаларын шығару, кредиттеу сияқты қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. «Қашықтан биометриялық сәйкестендіруді енгізу әлемдегі күрделі эпидемиологиялық жағдай аясында жана қауіп-қатерлерге жауап береді. Сервисті қаржы қоғамдастығының пайдалануы халыққа қашықтан көрсету тәсілімен ұсынылатын қызметтер тізімін кеңейтеді», – деді Ұлттық банк төрағасының орынбасары Есжан Біртанов.

Бұл сервис банктермен қатар сактандыру компанияларына, бағалы қағаздар нарығының қосбас қатысушыларына, төлем және микроқаржы ұйымдарына да қолжетімді.

Ұлттық банк қаржы нарығына қатысушылармен бірлесіп әзірлеген жүйе биыл сәуірде пилоттық режимде іске қосылды. Осы уақыт ішінде сервис екінің ішіндегі 11 банктің халыққа 2,8 млн банк қызметін көрсетуіне мүмкіндік берді.

Ұлттық банк іске асыратын қашықтан сәйкестендіру тәсілі елдің қаржы секторын цифрландыру жолындағы бірік қаралым болып табылады.

▶ IAIS: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

САҚТАНДЫРУ НАРЫҚТАРЫНЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

АХҚО-ның қаржылық қызметтер көрсетуші ретіндегі комитеті (AFSA) Халықаралық сактандыру қалағалаушылар қауымдастығының (IAIS) Көпжақты өзара түсіністік туралы меморандумының 75-мүшесі болды.

Сактандыру реттеушілері арасындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасуды қамтамасыз ету мақсатында 2007 жылы көпжақты түсіністік туралы меморандум жасалды. Меморандумның 75 қатысушысы бүкіл әлемдегі сактандыру сыйлықақыларының шамамен 76%-ын құрайды. «Біз AFSA-ны көпжақты өзара түсіністік туралы меморандумға қол қоюшы ретінде қабылдауға қуаныштымыз. Сактандыру қызметтерінің тұтынушылардың әлемдік нарықта қорғалуын қамтамасыз ету үшін сактандыру реттеушісі тиімді және тиімді ынтымақтастық жасай білуі керек. Көпжақты түсіністік туралы меморандум дағдарыс кезеңінде ғана емес, сонымен қатар күнделікті қызметте де маңызды реттеуші құрал болып табылады. Ынтымақтастық қауіпсіз және орнықты сактандыру нарықтарының дамуына ықпал етеді», – деді IAIS атқару комитетінің төрағасы Вики Сапорта.

AFSA бас директорының міндетін атқарушы Мұхтар Бөбеев бұл келісім сактандыру компанияларын трансшекаралық қалағалау саласындағы басқа реттеушілермен ынтымақтастықты күшейтуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Бұл АХҚО-да тиімді қалағалауды және тұтынушылардың құқықтарын қорғауды дамыту үшін қадағалау.

Меморандумның қатысушысы болу үшін үміткерлер құпиялылық режимін мұқият қосып бағалаудан өтеді. Мәліметтер алмасу құпиялылықты барлық жағынан қорғау үшін қажетті ережелермен және рәсімдермен қорғалған.

▶ ЗЕЙНЕТАҚЫ

САЛЫМШЫЛАРДЫҢ ЖИНАҚТАРЫ 12,2 ТРИЛЛИОННАН АСТЫ

«БЖЗК» АҚ-дағы зейнетақы жинақтары биыл жасын бері 1,4 трлн теңгеге немесе 13%-ға ұлғайды.

Яғни 1 қыркүйекте қордағы зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 12,2 трлн теңгеден асып түсті. Жинақтардың негізгі сомасы міндетті зейнетақы жарналары есебін қалыптасты, оның мөлшері 11,9 трлн теңге немесе жинақтардың жалпы көлемінің 97,6% құрады, деп хабарлады қордың баспасөз қызметі. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 294 млрд теңге (өсім 2,4%), ал ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 2 млрд теңгеден (өсім 0,02%) асты.

Осы жылдың басынан бері салымшылардың шоттарына жалпы көлемі 685,6 млрд теңге зейнетақы жарналары аударылған, ол алдыңғы жылдың 8 айындағы көрсеткіштен 8% артық. Жыл басынан бергі төлемдер 117,5 млрд теңгеден құрады, олардың басым бөлігі жасы бойынша төлемдерге (39,5 млрд теңге), Қазақстан Республикасынан тыс ТТЖ кету (23,3 млрд теңге), сактандыру ұйымдарына аударымдар (31,5 млрд теңге), мұрагерлерге (19,8 млрд теңге), жерлеуге (2,4 млрд теңге) берілген.

Биыл 1 қыркүйектегі жағдай бойынша қор салымшыларының шоттарына 871,9 млрд теңге таза инвестициялық табыс есептелді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 443,1 млрд теңгеге артық. Бытыр есепті кезеңдегі таза инвестициялық табыс 428,8 млрд теңге болған еді.

Рығайт САҒЫНБЕКОВА

▶ COVID-19

Індеттің еңбек нарығына әсері


> [1]

Басты мәселе – сонда үкімет ең төменгі жалақыны (ЕТЖ) қалай көтермек? Елдің 2025 жылға дейінгі стратегиялық дамуы жобасында ЕТЖ кезең-кезеңмен көтеру қарастырылған, алайда, Нұрымбетов былай деп мойындайды: қазір «ондай уақыт емес» және «бұл шығынды шара». Үкімет те ЕТЖ-ны көтеру жұмыс берушілерге қосымша қысым туғызатынын түсінеді. Инфляцияның, S&P болжамдары бойынша, биыл 6%-ға дейін шарықтап кететінін ескерсек, тиісінше: халық кедейлене түседі деген пікір өзінен-өзі туындайды.

Дегенмен, шолуымызда біршама жағымды жайттарды да тілге тиек етуді жөн көрдік. Атап айтқанда, бастапқы кезде айтарлықтай абырғап қалғанмен, уақыт өте келе COVID-19 індетімен алғы шепте күрескен медициналық қызметкерлерге үкімет тарапынан қолдау көрсету оңды өріс алды.

Атап айтқанда, COVID-19-бен күресуге тартылған 3 841 медицина қызметкері коронавирустық инфекцияны немесе вирустық пневмонияны жұқтырған жағдайда мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қорынан (МӘСК) берілетін біржолғы әлеуметтік төлемді алды. Сондай-ақ, МӘСК аурудың салдарынан қайтыс болған 37 медицина

ТҮРЛІ ЕЛДЕРДЕГІ ТАМЫЗ АЙЫНЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІ



АҚПАРАТ КӨЗІ: INVESTING.COM, ҚРҰЭМ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІ

қызметкерінің туыстарына төлем аударды.

Бұдан бұрын хабарланғандай, жоғарыда аталған төлем төленетін медицина қызметкерлерін өңірлердің және республикалық маңызы бар қалалардың денсаулық сақтау басқармалары жаңындағы арнайы комиссиялар ауырған медицина қызметкерлерін тексеру нәтижесі негізінде анықтайды. Өтінімдерді жинақтауды ҚР Денсаулық сақтау министрлігі

жүзеге асырады, одан кейін өтінімдер электрондық іс мәкеттерін қалыптастыру үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАК-қа беріледі, содан соң төлем тағайындау үшін МӘСК-ға жіберіледі.

5 қазан сағат 9.00-дегі жағдай бойынша МӘСК COVID-19 немесе вирустық пневмония жұқтырған 3 841 медицина қызметкерінің өтініші бойынша және аурудың

салдарынан қайтыс болған 37 медицина қызметкеріне қатысты ақшалай қаражатты тағайындау мен төлеуді жүзеге асырды.

Өңірлер бөлінісінде медицина қызметкерлеріне COVID-19 немесе вирустық пневмонияны жұқтыру жағдайына төлемдердің ең көп саны Нұр-Сұлтан (759) және Алматы (427) қалалары және Қарағанды (404), Шығыс Қазақстан (298), Батыс Қазақстан (261), Ақмола (265) облыстары бойынша жүргізіліпті.

▶ ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ

Бірегей өнеркәсіп буыны

> [1]

Минералды тынайтықшытар зауыты жылына 220 мың тонна фосфор ангидридін өндіретін фосфор қышқылды шығаруын технологиялық жүйесін қалпына келтірді. Онда аммофос өндірісін жылнама 500 мың тоннаға дейін ұлғайту мақсатында құны 7 миллиард теңгеден құрайтын өндірістік желі қайта құрылды. Компания филиалы жаңартылып, А-8 ауаны бәлетін қондырғы сатып алынды, фосфор-калий тынайтықшытарын өндіру іске қосылды. 2018 жылы компанияның инвестициялық шығындары шамамен 13 млрд теңгеден құрады, 2019 жылы инвестиция көлемі 21 млрд теңгеге жетті.

Сонымен қатар КазФосфат Қазақстан, Қытай және Ресейдегі жетекші ғылыми-зерттеу институттарымен және жобалау институттарымен қарқынды келіссөздерді жалғастырып, нақты жобаларды жүзеге асырады.

Қазірде кәсіпорын экспортқа бағытталған өндірістерді дамыудың перспективалық жобалары бойынша жұмыс істеуде. Бұл жобалардың барлығы компанияны әлемдік нарықтағы фосфор өнімдерінің ірі операторы ретінде дамытуға, сондай-ақ қызметкерлердің өмір сүру деңгейі мен сапасын көтеруге,



жана жұмыс орындарын құруға, еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған.

Аммофос сияқты тынайтықшытардың маңызды нарығы – ауылшаруашылық жерлерінің аумағы 22 миллион гектарды алып жатқан

қазақстандық нарық. Өйткені, зор әлеуетке ие аграрлық сектор ел экономикасындағы шешуші салалардың бірі болып табылады. Басым дақылдардың қоректік заттар құрамына деген қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жыл сайын

топыраққа кемінде бір миллион тонна фосфор тынайтықшытарын енгізу қажет. Осы ретте серіктестік ішкі нарықта өзінің шикізаттық базасы негізінде фосфат тынайтықшытарын өндіруді арттыруға, климатты, су-ару сипатын, топырақтың нақты күйін және өсірілген дақылдардың түрлерін ескере отырып, жергілікті нарыққа бағытталған кешенді тынайтықшытардың жана түрлерін құруға ден қоюда.

Өткен жылы «Қарапайым заттар экономикасы» салаларын дамыту аясында басым жобаларды жеңілдікпен несиелеу бағдарламасы іске асыру кезінде келерліктерді жедел анықтап, жою мақсатында Үкімет басшысының тапсырмасы бойынша ҰҚП алаңында жобалық кенеслер құрылды. Осылайша компанияның жана жобасы тынайтықшытар мен құрамында азот бар қосылыстар өндіру үшін «Даму» кәсіпорнының дамыту қорының проценттік мөлшердемені кепілдендіру және субсидиялау бөлігіндегі қолдаумен Қазақстан Халық банкіне инвестициялар мен айналым қаражатын толықтыруға 40 миллиард теңге көлемінде мақұлданды.



БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ



Жетпісбай БЕКБОЛАТУЛЫ, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры
e-mail: Zhelptshay.Bekbolatuly@kaznu.kz

Ақша-кредит саласына сараланған саясат керек

